

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Фармация комитеті Төрағасының  
201\_ жылғы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**

**Таурин-DF**

**Саудалық атауы**

Таурин–DF

**Халықаралық патенттелмеген атауы**

Таурин

**Дәрілік түрі**

4 % 5 мл, 10 мл көзге тамызатын дәрі

**Құрамы**

1 мл препараттың құрамында

*белсенді зат* – таурин 0,04 г,

*қосымша заттар*: метилпарагидроксибензоат, инъекцияға арналған су.

**Сипаттамасы**

Мөлдір, түссіз сұйықтық.

**Фармакотерапиялық тобы**

Көз ауруларын емдеуге арналған препараттар. Көз ауруларын емдеуге арналған басқа да препараттар.

АТХ коды S01XA

**Фармакологиялық қасиеттері**

***Фармакокинетикасы***

Жергілікті қолданған кезде таурин көз сұйықтығына енеді, сол жерде өзінің спецификалық әсерін көрсетеді. Емдік дозада қолданған кезде препарат іс жүзінде жүйелі қан ағысына сіңбейді.

***Фармакодинамикасы***

Таурин-DF көз торқабығының дистрофиялық сипаттағы ауруларында, көз тіндерінің жарақаттық зақымдануларын, осы тіндер метаболизмінің күрт бұзылуымен қатар жүретін патологиялық үдерістерін, репарациялық және

регенерациялық үрдістерін көтермелейтін аминқышқылдар препараттарына жатады.

### **Қолданылуы**

- мөлдір қабықтың жарақатында және дистрофиясында
- катарактада (қарттық, диабеттік, жарақаттық және сәулелік)

### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Препаратты ересектерге тағайындайды.

Катаракта кезінде Таурин-DF инстиляция түрінде күн сайын 3 ай бойы 1-2 тамшыдан күніне 2-4 рет тағайындайды. Курсты бір айлық аралықпен қайталау керек.

Мөлдір қабықтың жарақаттарында және дистрофиялық аурулары кезінде жоғарыда көрсетілген дозада 1 ай бойы қолданылады.

*Тамызу кезінде тамшылатқыш-құты ұшының басқа заттармен немесе беткейлермен жанаспауын қадағалау керек. Тамызғаннан кейін тамшылатқыш-құтыны қалпақшасымен тығыздап жабу керек*

### **Жағымсыз әсері**

- аллергиялық конъюнктивит

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- 18 жасқа дейінгі балаларға және жасөспірімдерге

### **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Көзге арналған басқа дәрілік препараттармен бір мезгілде қолдануға болмайды. Басқа офтальмологиялық препараттармен бір мезгілде қолдану қажет болса олардың қолданылу аралығы 15 минуттан кем болмауы керек.

### **Айрықша нұсқаулар**

*Жүктілік және лактация кезеңі*

Жүктілік және лактация кезеңінде Таурин-DF препаратын қолдануға клиникалық зерттеулер жүргізілмеген, сондықтан препарат жүкті және бала емізетін аналарға тағайындалмайды.

*Препараттың көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

### **Артық дозалануы**

Препараттың артық дозалануы туралы деректер жоқ.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

Алғаш ашылуы бақыланатын қалпақшалармен тығындалған пластик тамшылатқыш-құтыларда немесе қақпақшалармен тығындалған пластик тамшылатқыш-құтыларда 5 мл немесе 10 мл-ден. Құты медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

### **Сақтау шарттары**

Жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

3 жыл

Құтыны ашқаннан кейінгі қолданылу кезеңі - 28 тәулік.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептсіз

### **Өндіруші**

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3,  
тел.: (727)253-03-88

### **Тіркеу куәлігінің иесі**

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3,

***Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын, дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы***

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ-сы, Чаплыгин к-сі, 3,  
тел./факс: (727) 253-07-07, 253-03-88, электронды поштасы:  
[dosfarm@dosfarm.kz](mailto:dosfarm@dosfarm.kz)